

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ӨЗІНДІК ОРНЫ БАР ҰҒЫМ – СӨЗ ТІРКЕСІ

Нуридинов нурсултан бакиталиевич

Шыршық мемлекеттік педагогика университеті

Қазақ тілі және әдебиет бағыты I курс студенті

Электрон почта: na4onur@gmail.com

АННОТАЦИЯ

Қазақ тілінде бірнеше ұғымдар мен атаулар бар. Әрқайсысының өзіндік орны мен мақсаты бар сөйлемде. Сондай ұғымдардың бірі – сөз тіркесі болып есептеледі. Сөз тіркесінің ерекшелігі ол тек бір сөзден құрала алмауы болып есептеледі. Қазақ тілі сөз қорына бай тіл болып есептеледі. Тағыда ол тек бір сөз табынан ғана келеді.

Кіліт сөздер: атау, ұғым, сөз қоры, тығыз, қарым-қатынас, кемінде, ғылым, тәсіл, құрам, тіркескен сөз

ABSTRACT

There are several concepts and names in the Kazakh language. Each has its own place and purpose in the sentence. One of such concepts is a phrase. The peculiarity of a phrase is that it cannot consist of only one word. The Kazakh language is considered to be a language rich in vocabulary. Again, it comes from only one word class.

Keywords: name, concept, vocabulary, dense, relationship, at least, science, method, composition, compound word.

Кіріспе бөлім: Синтаксис – (грекше syntaxis) – грамматиканың, морфология сияқты өзекті саласы. Грамматиканың тең праволы, әрі өз ара тығыз байланысты бұл екі саласының қарастыратын объектілері тілдің грамматикалық құрылысының мәселелері болады. Морфология сөздердің грамматикалық жүйесін, құрылысын, сөз таптарының грамматикалық мағыналары мен тұлғаларын зерттейді. Синтаксис сөз тіркесінің және сөйлемнің сөйлемнің грамматикалық жүйесін, құрылысын зерттейді. Синтаксис грамматикалық ғылым ретінде мынандай негізгі екі салаға бөлінеді.

Сөз тіркесінің синтаксисі. Онда сөздердің өз ара тіркесу қабілеттігі, тіркесу тәсілдері мен формалары, сөз тіркестерінің құрамы, олардың түр-түрі қарастырылады.

Сөйлемнің синтаксисі. Онда сөйлемнің құрылу принциптері, сөйлемнің құрамы, олардың түр-түрі қарастырылады.

Синтаксис бұл мәселелерді сөздердің грамматикалық құрылысы жөніндегі ілімнен бөліп алып, олардың оқшау тұрған нәрсе деп қарамайды, өзара тығыз байланыста қарастырады. Сондықтан сөздердің морфологиялық құрылысы синтаксистің де грамматикалық талдауының негізі болады. Лексикология мен морфология тіл ғылымының дербес салалары болуымен қатар, олар да синтаксистен байланысын үзбейді.

Негізгі бөлім: Сөз тіркесі – сөйлем құраудың материалы да, сөйлем – кісінің ойын айтудың негізгі формасы. Синтаксис сөз тіркесін, сөйлемді, олардың түрлерін, сөйлем мүшелерін және басқа синтаксистік формаларды адамның ойын білдірудің грамматикалық тәсілдері ретінде өзара байланысты бөлшектері ретінде, ал жалғауларды сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен қиюластырып тұратын морфологиялық-синтаксистік категория ретінде тексереді.

Сөйтіп, сөз тіркесінің, сөйлемнің грамматикалық сыр-сипатын зерттейтін ілім синтаксис болады. Дұрысында, сөз тіркесі – сөйлем мүшелерінің тіркесі емес, сөз таптарының тіркесі. Сөз тіркесіндегі сөздер тек сабақтаса байланысады, салаласа байланысатын бірыңғай мүшелер сөз тіркесі деп есептелмейді. Олар жай сөйлем синтаксисінде қаралуға тиіс.

Бір сөз басқа сөзбен қарым-қатынасқа енбей жеке тұрған қалпында сөйлем мүшесі болмайды; тіркескен сөздердің қосымша мағыналары олардың құрамының лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне негізделеді. Сөз тіркесінің бір белгісі – жаңа грамматикалық мағына тудыратын сөздер тобы болатындығы. Екінші белгісі – кемінде толық мағыналы екі сөзден құралып, оның бірі бағыныңқы, екіншісі басыңқы болады да, әр уақытта сабақтаса байланысады. Осыларды ескеріп сөз тіркесіне мынадай анықтама беруге болады. Синтаксистік қарым- қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағыналы екі сөздің сабақтаса байланысқан синтаксистік тобын **сөз тіркесі** дейміз.

Сөз тіркесінің құрамында екі компонент болады; бірі – басыңқы бөлегі – сөз тіркесін құраудың бас арқауы, екіншісі – бағыныңқы бөлегі – сөз тіркесінің желісі, оның басыңқымен сабақтасқан бөлегі. Сөз тіркесіне берген анықтамамызда оның кемінде толық мағыналы екі сөзден құралатыны айтылады. Сөздер сөз тіркесінің құрамына енгенде, жаңа лексикалық мағына тумайды, қосымша грамматикалық мағына, толық мағыналы сөздердің ғана тіркесінде пайда болу мүмкін. Сондықтан сөз тіркесінің құрамында толық мағыналы сөздер болуын сөз тіркестерін құраудың басты шарты деп қараймыз.

Көп құрамды сөз тіркесін күрделі сөз тіркесі дейміз. Күрделі сөз тіркесінің құрамында, әдетте түйдекті тіркес болады. Түйдекті былай бөлінеді;

1. Лексикалық. Екі, одан да көп сөз тіркесі бір заттың не оның сапасының атауы болса, оны лексикалық тіркес дейміз. Мысалы: мысық құйрық, қара көк.

Бұлар – сөздердің тіркескен топтары, бірақ сөз тіркестері емес, лексикалық түйдекті тіркестер. Олар сол түйдегімен сөз тіркесінің бір сыңары болады.

2. Грамматикалық. Екі не одан да көп сөздер тіркесу арқылы сөздердің бұрынғы грамматикалық мағыналары түрленуі мүмкін. Ол үшін толық мағыналы сөздердің шылауында көмекші сөздер айтылады. Мысалы: жаза бастады, оқып кетіп бара жатыр еді. Бұлар да сөздердің тіркескен топтары, бірақ сөз тіркестері емес – түйдекті тіркестер.

Түйдекті тіркестер синтаксистік қарым-қатынасты білдіре алмайтындықтан, сол тіркескен тобымен сөз тіркесінің бір сыңары қызметінде айтылады. Мысалы: кітап оқып кетіп бара жатыр еді. Мұның бәрі бір сөз тіркесі: бағыныңқысы – кітап, басыңқы сыңары – оқып кетіп бара жатыр еді – түйдекті тіркесі. Торы ат шапқан сайын үдей түседі. Мұнда екі сөз тіркесі бар; 1) торы ат; 2) шапқан үдей түседі. Соңғы сөз тіркесінің құрамында екі түйдекті тіркес бар; шапқан сайын – сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары, үдей түсті – сөз тіркесінің басыңқы сыңары. Осылардай, сөз тіркесінің құрамында түйдекті тіркестер болғанда ғана, олардың құрамындағы сөздердің саны екеуден артық болады да, сөз тіркесі күрделі деп есептелінеді.

Сөздер синтаксистік топ құрап сөз тіркесі болғанда, олардың құрамына әр алуан сөздер енеді. Ол сөздер түрлі-түрлі морфологиялық тұлғаларда айтылады. Сөздердің ол тұлғалары, лексика-грамматикалық мағыналары тіркескен сөздердің қарым-қатынасына үйлесімді айтылады.

Бірқатар лексикалық тіркестер құрамы еркін болмай, тиянақты берік болады. Мысалы: жүрегі шайылу, қаһарын төгу, көз қырын салу. Синтаксистік қарым-қатынасты білдіру үшін сөздер синтаксистік топ болып ұйысу арқылы сөйлем құрамына енетін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі (References) :

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы: Санат, 2003.-496 б.
2. Ахметов Ә., Жүнүсбекова К., Оразбаева Ф., Қазіргі қазақ тіліне арналған жаттығулар. Алматы-1998.
3. Абдувалитов Е. Дүйсебаева Д. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда заманалық технологиясы. –Ташкент: 2008.